

Өмірбаян - жеке адамның өмір жолы мен қызметі хронологиялық тәртіпте жазылған құжат.

1-үлгі

Өмірбаян

Мен, Барменқұлов Думан Әсетұлы 1997 жылы 11 наурызда Жамбыл облысының, Рысқұлов ауданының Татия станциясында туылдым.

Ұлттым-қазақ. Қазақстан Республикасының азаматымын.

2004 жылы Рысқұлов ауданы Татия станциясының ауылдық орта мектебінің 1-ші сыныбына бардым. Мектепте әр түрлі қоғамдық жұмыстарға қатысып, өзімді өнер жағынан көрсете білдім. Мектеп күшімен ұйымдастырылған «Сары дала» халық аспаптары ансамбліне қатыстым.

2013 жылы Жамбыл облыстық биологиядан оқушылардың облыстық пән олимпиадасында ІІ орын алдым.

2014 жылы Алматы қаласында өткен биологиядан республикалық пән олимпиадасына қатысып, І орынның жүлдегері атандым.

2014 жылы жоғарыда аталған мектепті «Алтын Белгімен» бітіріп, Алматы қаласындағы С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлтық Медицина университетінің Жалпы медицина факультетінің «Жалпы медицина» мамандығына оқуға түстім. Қазір 2 курс студентімін.

Ата-анам және екі інім бар. Әкем – Барменқұлов Әсет Нұртайұлы, 1972 жылы туған, Татия станциясында темір жол жұмысшысы. Анам-Ауданбаева Раушан Берікқызы, 1974 жылы туған, үй жұмысшысы.

Інілерім - Барменқұлов Нурбол Әсетұлы, 2002 жылы туылған және 2006 жылы туған Барменқұлов Асқар Әсетұлы - Рысқұлов ауданы Татия станциясының ауылдық орта мектебінде оқиды.

Қазақ, орыс тілдерін жақсы білемін. Бос уақытымда әдеби кітаптарды оқығанды ұнатамын. Компьютердің бірнеше бағдарламасын меңгердім.

Қазіргі мекен-жайым: Алматы қаласы, Шевченко көшесі көшесі, 70үй.

8 қыркүйек, 2016 жыл.

Өмірбаян

Мен, Мұқанова Әйкен Бекенқызы 1965 жылы 2 наурызда Жамбыл облысы Меркі ауданының Бірлік ауылында тудым.

Ұлтым -қазақ. Қазақстан Республикасының азаматшасымын.

1971 жылы Меркі ауданы Бірлік ауылындағы М.Горкий атындағы орта мектептің 1-ші сыныбына бардым.

1981 жылы мектепті бітіріп, Алматы қаласындағы Қыздар педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түстім.

1986 жылы айтылған университетті бітірген соң, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясына өз мамандығым бойынша қызметкер болып қабылдандым.

1989 жылы өзім оқып, бітірген Қыздар педагогикалық институтының «Орыс тілі» кафедрасына оқытушылық қызметке ауыстым.

1996 жылы «Орыс тіліндегі семантикалық сөздер» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғадым. Содан бері осы жоғары оқу орнында ұстаздық қызметті атқарып келемін.

Отбасым бар. Жолдасым – Асанбаев Нұрбол Сағатұлы, 1960 жылы туған, «ВИТА» акционерлік компаниясында қаржы бөлімінің меңгерушісі. Ұлым – Асанбаев Серік Нұрболұлы, 1990 жылы туған, «ВИТА» акционерлік компаниясында көлік жүргізуші болып жұмыс істейді. Қызым - Асанбаева Айнұр Нұрболқызы 1995 жылы туған, Алматы қаласындағы №1 Техникалық лицейде «Компютерлік технологиялар» мамандығы бойынша оқытушы қызметін атқарады.

Қазақ, орыс тілдерін жетік білемін. Аудармамен кәсіби деңгейде айналысамын. Бос уақытымда отбасы мүшелерімен өткіземін, көркем әдебиет оқимын. Әскери міндетті емеспін.

Мекен-жайым: Алматы қаласы, Қалқаман ықшам ауданы 14 үй, 45 пәтер.

27 тамыз, 2016 жыл.